

Қазақстан Республикасының аумағында радиобақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 10 қыркүйектегі N 304-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 23 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2023. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 27 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 27.01.2017 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңына сәйкес және "Радиожилік спектрін мемлекеттік мұқтаждар үшін пайдаланудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 652 қаулысын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында радиобақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті (А.Б.Есенғараев) Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Н.З.Нығматулинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, таныстыру мен таратуға жатады.

Министр

Келісілді

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
2002 жылғы 23 қыркүйек
Келісілді

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2002 жылғы 27 қыркүйек
Келісілді

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

Қазақстан Республикасының аумағында радиобақылауды жүзеге асырудың ЕРЕЖЕСІ

Осы Қазақстан Республикасының аумағында радиобақылауды жүзеге асырудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді және радиожилік спектрін пайдалануды тәртіпке келтіру, радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланатын (қолданатын) заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттік органдардың қызметін реттеу мен бақылау мақсатында енгізілді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасындағы азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәуле шығаруларын радиобақылаудың қағидаттары мен тәртібін, көрсетілген саладағы уәкілетті органның құзыретін анықтайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар:

1) радиоэлектронды құралдар (бұдан әрі - РЭҚ) - бір немесе бірнеше радиотаратушы немесе радиоқабылдағыш құрылғылардан, немесе олардың және қосалқы жабдықтардың қиыстыруынан тұратын, радиотолқындарды беру немесе қабылдауға арналған техникалық құралдар;

2) жоғары жиілікті құрылғы (бұдан әрі - ЖЖҚ) - электр байланыс саласынан басқа, өнеркәсіптік, ғылыми, медициналық, тұрмыстық немесе сол сияқты басқа да мақсаттарға радиожилік энергиясын генерациялау және жергілікті пайдалануға арналған жабдықтар немесе құралдар;

3) радиобақылау - радиосәулешығаруға техникалық бақылау жасау, радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тексеру, радиокедергі көздерінің қызметін, радиожиліктерді пайдалану тәртібін, қызметтегі РЭҚ пен ЖЖҚ сәулелену параметрлеріне арналған стандарттар мен нормаларды бұзуды айқындау және тоқтату жолымен, рұқсат етілген кедергілер деңгейі бар радиоэлектронды құралдарды пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі;

4) РЭҚ пен ЖЖҚ иесі - РЭҚ пен ЖЖҚ пайдалану үшін берілген радиожииліктер мен радиожиилік арналарын өзінің қызметінде немесе басқа мақсатқа қолданатын заңды немесе жеке тұлға;

5) радиожиилікті немесе радиожиилік арнасын беру - уәкілетті органның радиожиилікті немесе радиожиилік арнасын белгілі бір жағдайларда пайдалануға рұқсат беруі;

6) электромагниттік үйлесімділік (бұдан әрі - ЭМУ) радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиилікті құрылғылардың нақты пайдалану жағдайларында оларға көзделмеген радиокедергілер әсер еткен кезде талап етілген сапамен жұмыс істеу және басқа радиоэлектронды құралдарда жол берілмейтін радиокедергілерді болғызбау қабілеті;

7) конверсия - азаматтық мүддедегі радиоэлектрондық құралдарды пайдалану мақсатында тиісті мемлекеттік органдарға бөлінген радиожииліктерді босату;

8) қосарлы қолдану - Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, қорғанысын және құқық тәртібін қорғауды қамтамасыз ету үшін бөлінген радиожииліктерді коммерциялық мақсаттарға пайдалану;

9) уәкілетті орган - заңды және жеке тұлғалардың радиожиилік спектрін пайдалануға радиобақылауды және РЭҚ пен ЖЖҚ қызмет ету тәртібін анықтайтын заң нормаларын олардың сақтауы бөлігінде, сондай-ақ лицензиялар мен рұқсаттарда соларда рұқсат етілген қызмет түрін жүзеге асырудың белгіленген талаптары мен шарттарын бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті.

3. Радиобақылаудың негізгі мақсаты радиожиилік спектрін ұтымды және оңтайлы пайдалану негізінде РЭҚ пен ЖЖҚ орнықты жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ, уәкілетті орган жүзеге асыратын атқару, шешу, қадағалау, бақылау және өзге де шараларды жүргізу болып табылады.

4. Азаматтық мақсаттағы РЭҚ пен ЖЖҚ сәулеленулеріне радиобақылауды " Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңына, сондай-ақ пайдаланып жүрген РЭҚ пен ЖЖҚ ЭМУ-нің белгіленген нормалары мен талаптарына техникалық сәйкестігін анықтайтын осы Ережеге сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Осы Ережелердің күші Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтық мақсаттағы РЭҚ пен ЖЖҚ пайдаланушылардың барлығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы және су акваторияларындағы шетелдік пайдаланушыларға да тарайды.

6. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының Заңдық иелігіндегі халықаралық суларда, әуе және ғарыш кеңістігінде немесе шетел мемлекеттерінің аумағындағы РЭҚ пен ЖЖҚ қолданушыларға қатысты

Халықаралық электр байланыс одағының конвенциясы мен Жарғы және басқа халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін есепке ала отырып қолданылады.

7. Қазақстан Республикасында радиобақылау саласындағы қызмет мынадай қағидаттарда жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын сақтау;
- 2) радиожилік спектрін пайдалану саласындағы бөлу және бақылау функцияларына мемлекеттің ерекше құқығы;
- 3) радиобақылауды, радиожилік спектрін пайдалануды жалпы реттеудің және Қазақстан Республикасы РЭҚ пен ЖЖҚ жиліктік иемденулерін халықаралық құқықтық қорғаудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қолдану;
- 4) радиожилік спектрін пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтау;
- 5) азаматтық және үкіметтік мақсаттағы РЭҚ пен ЖЖҚ сәулеленулеріне бөлек радиобақылау жүргізуді жүзеге асыру;
- 6) радиожилік спектрін, РЭҚ және ЖЖҚ пайдаланудың техникалық нормалары мен ережелерін міндетті түрде сақтау;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес радиожилік спектрін пайдалану саласында барлық мемлекеттік органдардың өзара бірлесе отырып, іс-қимыл жасауы;
- 8) радиосәулеленуді бақылаудың халықаралық жүйесіне қатысу.

2-тарау. Радиобақылаудың жүзеге асыру тәртібі

8. Радиобақылау техникалық құжаттарды және рұқсаттарды тексеру (құжаттық бақылау), РЭҚ пен ЖЖҚ параметрлерін, сондай-ақ оның жұмыс тәртібін бақылау-өлшеу аппараттарының және радиотехникалық бақылау құралдарының көмегімен тексеру (құрал-саймандық бақылау) жолымен жүзеге асырылады.

Тексерулердің жүргізу тәртібі мен мерзімділігін уәкілетті орган қолданыстағы заңдарға сәйкес анықтайды.

9. РЭҚ иелері жіберген бұзушылықтар айқындалғанда уәкілетті орган оларға кемшіліктерді жою жөнінде нұсқама жолдайды. РЭҚ иелері нұсқаманы орындамаған жағдайда оларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ықпал шаралары қолданылады.

10. Азаматтық мақсаттағы тіркелген РЭҚ жұмысында кедергілер пайда болған жағдайда:

- 1) кедергілерді сезінетін РЭҚ иелері РЭҚ техникалық параметрлерінің, соның ішінде қабылдау құрылғыларының таңдау және қорғау қасиеттерінің нормалар

мен стандарттарға сәйкестігіне көз жеткізуі тиіс. Егер олар нормаларға сәйкес болмаса, РЭҚ иелері сипаттамаларды нормаларға сәйкестендіру жөнінде шаралар қабылдауы немесе РЭҚ белгіленген тәртіппен ауыстыруы тиіс. Кедергілер басқа РЭҚ пен ЖЖҚ сәулеленулері салдарынан пайда болғанда, кедергілерді сезінетін РЭҚ иелері уәкілетті органға арызданады;

2) уәкілетті орган кедергі көздерін және сипатын, олар пайда болу себептерін анықтау жөнінде жұмыстар жүргізеді және оларды жоюға шаралар қабылдайды;

3) белгіленген параметрлердің және/немесе жұмыс тәртібінің бұзылуы РЭҚ қабылдау құрылғысының таңдау немесе қорғау қасиеттері нашарлауы немесе қатар орналасқан РЭҚ өзара ықпалынан болған интермодуляциялық сипаттағы кедергілер салдарынан уәкілетті орган кедергілерді жою жөнінде ұсыныстар береді. Кедергілерді жоюды РЭҚ иесі өз бетімен жүзеге асырады;

4) берілген радиожиліктердегі кедергілерді жою мүмкіндігі болмағанда, уәкілетті орган қосымша ақы төлетпестен жаңа радиожилікті иеленуді жүргізеді;

5) өнеркәсіптік немесе технологиялық сипаттағы көзделмеген кедергілер жағдайында уәкілетті орган кедергі көздерін анықтау және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан радиокедергі көздеріне шетел мемлекеттерінің байланыс әкімшіліктерінен шағымдар түскен кезде уәкілетті орган осы шағымдардың құқықтық негізін анықтайды және егер шағымдар негізді болса, кедергілердің себебін белгілейді және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

12. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан РЭҚ басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан көздерден кедергілерді сезінген жағдайда уәкілетті орган халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан РЭҚ иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында кедергілерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

13. Тиісті рұқсаттарсыз РЭҚ іс-әрекеті мен радиокедергілерді айқындау және тыю жөніндегі іс-шараларды уәкілетті орган жүргізеді.

3-тарау. Уәкілетті органның және РЭҚ пен ЖЖҚ иелерінің өзара іс-әрекеті

14. Уәкілетті орган радиобақылау бөлігінде мыналарды:

1) тіркелмеген РЭҚ пен ЖЖҚ-ты бақылауды және анықтауды;

2) РЭҚ пен ЖЖҚ бір мезгілдегі орнықты жұмысы үшін электр магниттік үйлесімдіктің шарттарын қамтамасыз етуді;

3) радиожиліктердің (радиоарналардың) нақты бос еместігін тұрақты бақылауды жүзеге асыруды;

4) Халықаралық электр байланысы одағының радиобайланыс бюросын және шетелдік мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерін халықаралық радиобақылау жүйесіне қатысу үшін қажетті мәліметтермен қамтамасыз етуді;

5) РЭҚ пен ЖЖҚ сәулеленулерінің техникалық және пайдалану сипаттамалары мен параметрлерінің нормалар мен стандарттарға сәйкестігін тексеруді;

6) теле- және радиоқабылдаудың рұқсат етілген кедергілер деңгейін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

7) тағайындалған жиіліктен ауытқыған немесе рұқсатсыз жұмыс істейтін РЭҚ пен ЖЖҚ иелерінен жұмысты дереу тоқтатуын талап етуді;

8) РЭҚ пен ЖЖҚ, байланыс жүйелері мен ғимараттарының құрылғыларын пайдалану және техникалық қолдану ережелерінің талаптарын бұзуды жою туралы нұсқамалар беру, олардың орындалуын бақылауды;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік құқықтық бұзулар туралы істерді қарайтын уәкілетті органдарға әкімшілік құқық бұзулар бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, бекітілген радиожиліктер өрістерін қоспағанда, радиожилік спектрінің техникалық радиомониторингін жүзеге асыруды.

15. Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:

1) уәкілетті органға жататындығын растайтын қызмет куәлігін көрсеткен кезде РЭҚ пен ЖЖҚ-қа, сондай-ақ олардың техникалық құжаттарына бөгетсіз жіберіледі;

2) техникалық радиобақылауды жүзеге асыру үшін РЭҚ пен ЖЖҚ радио сәулешығаруларын сканерлейтін, радиоэлектронды құралдың сәйкестендіру кодын анықтайтын және торуылдау мақсатындағы радиобақылаудың тұрақты және жылжымалы техникалық құралдарын пайдаланады.

16. РЭҚ пен ЖЖҚ иелері:

1) РЭҚ пен ЖЖҚ-на берілген радиожиліктерді (радиожиліктік арналарды) алынған рұқсаттың шарттарына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланады ;

2) оның РЭҚ немесе ЖЖҚ-ына берілген радиожиліктегі (радиожиліктік арнадағы) кедергілерді жою үшін уәкілетті органға арызданады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне), шешімдеріне шағымданады. Бұл ретте шағымдану пайдаланушыны осы шешімді орындаудан босатпайды;

4) РЭҚ немесе ЖЖҚ-ның техникалық сипаттамалары мен пайдалану шарттарының рұқсатта мазмұндалған талаптарға, сондай-ақ белгіленген ережелер мен нормаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

5) уәкілетті органға жататындығын растайтын қызмет куәлігін көрсеткен кезде, уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының РЭҚ немесе ЖЖҚ-ға қамтамасыз етеді;

6) РЭҚ радиожіліктерін (радиоарналарын) пайдалануды тоқтата тұру (соның ішінде уақытша тыйым салуларды енгізу салдарынан) немесе тоқтату туралы соның ішінде РЭҚ пен ЖЖҚ пайдаланушыларына берілген рұқсат шарттарын бұзуларды жою жөніндегі уәкілетті органның барлық нұсқамаларын орындайды.